

### Мемлекеттік қызметтің төлқұжаты

|   |   |
|---|---|
| Қызметтің атауы   | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау  |
| Қызметті көрсететін мемлекеттік орган                                 | Мемлекеттік қызметті барлық үлгідегі және түрдегі мектепке дейінгі ұйымдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.  |
| Өтініштерді қабылдауды және нәтижелерін беруді жүзеге асыратын мекеме | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдау және беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.  |
| Қызметті алушылар   | жеке тұлғалар   |
| Қызметтің құны  | тегін   |
| Қызмет көрсету мерзімі  | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:<br>құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 30 минут;<br>құжаттарды қабылдау сәтіне дейінгі күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут;<br>қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.  |
| Мемлекеттік қызметтің көрсетілетін нысаны                             | қағаз түрінде.  |
| Жұмыс кестесі   | Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен жұма аралығында белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін.<br>Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 17.30-ға дейін жүргізіледі.<br>Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен көрсетіледі. |
| Қажетті құжаттар  | Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:<br>1) өтініш (еркін нысанда);<br>2) Астана және Алматы қалаларының Білім басқармалары, аудандық, қалалық білім бөлімдері, ауылдық жерлерде – әкім берген жолдама;<br>3) сәйкестендіру үшін көрсетілетін қызметті алушының (ата-анасының бірінің немесе заңды өкілінің) жеке басын куәландыратын құжаты (түпнұсқа және көшірме);<br>4) баланың денсаулық паспорты;<br>5) баланың денсаулығы туралы анықтама  |
| Мемлекеттік қызметтің нәтижесі  | Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі: баланың ата-  |

|  |  |
|--|--|
|  | анасының бірінің немесе заңды өкілінің өтініші негізінде<br>баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдау. |
|--|--|